

FTAMP 03.09.31

<https://doi.org/10.26577/JH2025117208>**Е. Буланов*** , **М. Иманғазин** 

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан
*e-mail: erzhan_bulanov@mail.ru

I. ЖАНСҮГІРОВТІҢ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ілияс Жансүгіров қазақ қоғамына ақын, әдебиетші, журналист ретінде танымал. Бірақ оның тарихи бағытта жазылған шығармалары көп жағдайда қалың оқырманның назарынан тыс қалып жатты. Бірінші себеп, ақынның сталиндік қуғын-сүргінге ұшырап, жазықсыз жазалануы, екіншіден, жазған еңбектерінің кеңестік қатаң саясаттың нәтижесінде оқилуға тыйым салынуы болды. Зерттеу мақаламыздың мақсаты құлагер ақынның «Жетісу өлкесін орыс алуы» атты тарихи тұрғыда жазылған шығармасы негізінде Кенесары Қасымұлының тарихи тұлғасы және ол бастаған ұлт-азаттық көтеріліс, сонымен қатар, оның өз әскерімен Жетісу өңіріне келуі мен жүргізген әскери іс-қимылдары, өмірінің соңғы сәттеріне қатысты оқиғаларды ғылыми тұрғыда қарастыру.

Мақалада тарих ғылымындағы проблемалық, тарихилық және объективтілік принциптеріне сүйенген методология аясында жүйелеу, талдау, сондай-ақ тарихи фактілермен жұмыс жасау әдістері қолданылды. Өйткені, тек тарихи факт арқылы тарих ғылымының танымдық әлеуетін ашуға болады. Сонымен қатар, I.Жансүгіровтың ақындық және журналистік дарыны халық ауыз әдебиетінің үздік үлгілерімен тығыз байланыста болғандығын, атап айтқанда Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастаны мен басқа да ауызша тарих айту дәсүрінің заңды жалғасы ретіндегі ауызша тарих айту, логикалық қорыту әдістері кеңінен пайдаланылды.

Зерттеу мақаламыздың ғылыми жаңалығы ретінде Ресей империясының отарлау саясаты туралы мәселе I.Жансүгіровтың тарапынан жан-жақты зерттелгеніне көз жеткізілді. Әскери-казактық отарлауға қарсы жалпыұлттық сипатқа ие болған Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс де назардан тыс қалмай қарастырылған. Әсіресе, көтерілістің соңғы әрі шешуші кезеңі, Жетісу жеріндегі іс-әрекеті тек тарихи тұрғыда зерттеліп қоймай, «Күйші» поэмасы арқылы көтерілістің ішкі ерекшеліктерін де түйсінуге қол жеткізілді. Құлагер ақынның Нысанбай жырау мен одан кейінгі ақын-жыраулардың туындыларымен таныс болғандығы, олардан рухани нәр алғандығы пайымдалды.

Ресейдің Жетісу өлкесін отарлауы және Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілістің соңғы кезеңін қарастыру барысында Ілияс Жансүгіровтың еңбегін назардан тыс қалдыруға болмайды деген тұжырым жасаймыз. Яғни, құлагер ақынның тарихи еңбектері аталған мәселені терең түсінуге мүмкіндік береді. Сондықтан мақалада атап көрсетілген шығармаларын кәсіби тарихшылар назарда ұстап, өз зерттеулерінде пайдаланғаны дұрыс болмақ.

Түйін сөздер: Жетісу, Ресей, Қокан, Ұлы жүз, көтеріліс, сұлтан, манап.

E. Bulanov*, M. Imangazinov

Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan
*e-mail: erzhan_bulanov@mail.ru

The issues of the national liberation uprising led by Kenesary Kasymov in the writings of Ilyas Zhansugurov

Ilyas Zhansugurov is widely recognised in Kazakh society as a poet, literary scholar, and journalist. However, many of his works written in the historical genre have remained largely overlooked by the broader reading public. This is due, firstly, to the fact that the poet fell victim to Stalinist repressions and was unjustly persecuted, and secondly, to the strict Soviet censorship policies that led to the prohibition of many of his writings. The aim of this research article is to provide a scholarly analysis of the historical figure of Kenesary Kasymov and the national liberation movement he led, based on Ilyas Zhansugurov's historical work «Zhetisu ólkesin orys aluy» (The Russian Conquest of the Zhetysu Region). Particular attention is given to events related to Kenesary's arrival in the Zhetysu region with his forces, their military operations, and key moments leading up to the final stages of his life.

The article employs methods of systematization, analysis, and work with historical facts within a methodological framework grounded in the principles of problem-based inquiry, historicism, and ob-

the lens of historical fact that the cognitive potential of history as a discipline can be fully realized. Furthermore, the study makes extensive use of oral historical narration and logical generalization methods; given that Ilyas Zhansugurov's poetic and journalistic talent was deeply rooted in the finest traditions of Kazakh oral folklore. Of particular note is the continuity observed with such works as Nysanbay Zhyrau's epic «Kenesary – Nauryzbay», as well as with the broader oral historical tradition.

The scholarly novelty of our research lies in the identification of Ilyas Zhansugurov's comprehensive examination of the Russian Empire's colonial policy. The national liberation uprising led by Kenesary Kasymuly an all-national response to violent colonization is also deeply reflected in Zhansugurov's body of work. Special emphasis is placed on the final and decisive stage of the rebellion, namely the actions carried out in the Zhetysu region, which are analyzed not only from a historical perspective but also through the lens of artistic perception, as conveyed in his poem «Kuyshi». This dual approach enables a more profound understanding of the internal dynamics and distinctive characteristics of the uprising. Additionally, the study concludes that the poet was well acquainted with the works of Nysanbay zhyrau and the subsequent generations of akyns and zhyraus, drawing spiritual inspiration and ideological continuity from their creative legacy.

In the course of examining the colonization of the Zhetysu region by the Russian Empire and the final stage of the uprising led by Kenesary Kasymuly, we arrive at a well-founded conclusion regarding the necessity of giving due attention to the works of Ilyas Zhansugurov. His historical writings provide a deeper and more comprehensive understanding of the issues at hand. Therefore, it seems appropriate that the works of the poet mentioned in the article should be subject to the attention of professional historians and incorporated into their scholarly research.

Key words: Zhetisu, Russian, Kokand, Uly zhuz, uprising, sultan, manap.

Е. Буланов*, М. Имангазинов

Жетысуский университет имени И. Жансугурова, Талдыкорган, Казахстан

*e-mail: erzhan_bulanov@mail.ru

Освещение национально-освободительного движения под руководством К. Касымова в творчестве И. Жансугурова

Ильяс Жансугуров широко известен в казахском обществе как поэт, литературовед и журналист. Однако его произведения, написанные в историческом жанре, во многих случаях оставались вне поля зрения широкой читательской аудитории. Это связано, во-первых, с тем, что поэт стал жертвой сталинских репрессий и был несправедливо осуждён, а во-вторых – с тем, что его труды подвергались запрету в условиях жёсткой советской цензурной политики. Целью данной исследовательской статьи является научное осмысление исторической фигуры Кенесары Касымұлы и возглавленного им национально-освободительного восстания на основе исторического произведения поэта Ильяса Жансугурова «Жетісу өлкесін орыс алуы» (Русское завоевание Жетысуского края). Особое внимание уделяется событиям, связанным с прибытием Кенесары и его войска в Жетысуский регион, их военным действиям, а также событиям, связанным с последними моментами его жизни.

В статье использовались методы систематизации, анализа и работы с историческими фактами в рамках методологии, основанной на принципах проблемности, историзма и объективности, принятых в исторической науке. Поскольку именно через призму исторических фактов возможно раскрытие познавательного потенциала исторической науки. Кроме того, в исследовании широко применялись методы устного исторического повествования и логического обобщения, поскольку поэтический и журналистский дар Ильяса Жансугурова находился в тесной связи с лучшими образцами народного устного творчества. Особенно стоит отметить преемственность с такими произведениями, как дастан Нысанбая жырау «Кенесары-Наурызбай», а также с устной исторической традицией в целом.

Научная новизна нашего исследования заключается в выявлении того, что Ильяс Жансугуров всесторонне осветил проблему колониальной политики Российской империи. Национально-освободительное восстание под предводительством Кенесары Касымұлы, ставшее общенациональным ответом на военно-казахскую колонизацию, также получило глубокое отражение в его творчестве. Особое внимание уделено заключительному и решающему этапу восстания – действиям в Жетысуском крае, которые рассматриваются не только с позиции исторического анализа, но и сквозь художественное восприятие, представленное в поэме «Күйші». Это позволило глубже понять внутреннюю суть и особенности восстания. Также сделан вывод о том, что поэт был хорошо знаком с творчеством Нысанбая жырау и последующих акынов и жырау, черпая в них духовное вдохновение и идейную преемственность.

В ходе рассмотрения колонизации Жетысуского края Российской империей и заключительного этапа восстания под руководством Кенесары Касымұлы, мы приходим к обоснованному

выводу о недопустимости оставлять без внимания труды Ильяса Жансүгірова. Его исторические произведения позволяют более глубоко и всесторонне осмыслить обозначенную проблематику. В связи с этим представляется целесообразным, чтобы указанные в статье произведения поэта были предметом внимания профессиональных историков и нашли применение в их научных изысканиях.

Ключевые слова: Жетісу, Россия, Коканд, Старший жуз, восстание, султан, манап.

Кіріспе

Қазақ қоғамына ақындық қырымен жақсы таныс Ілияс Жансүгіровтың артында тарихи тақырыпқа қатысты жазған біршама еңбектері қалды. Оның көңіл аударған мәселелері қатарында Ресей империясының қазақ жерін отарлау саясаты толығымен қамтылып, соның ішінде Жетісу жеріне жасаған әскери-казактық отарлауына басымдық берілген. Яғни, 1730 жылдан бастап, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске дейінгі оқиғалар жүйелі әрі байыпты түрде баяндалған. Нақ осы тарихи тұрғыдағы шығармалары араб әліпбиімен жазылған. Оған қызығушылық танытқан зерттеушілер болса оның араб ғарпімен жазылған қолжазбаның түпнұсқасымен Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінен көруге һәм танысуға, өз зерттеулерінде пайдалануға болады: «Жетісу өлкесін орыс алуы» (ҚР ОМА. 1368-қ., 1 т., 51-іс), «Ұзынағаш соғысы» (ҚР ОМА. 1368-қ., 1 т., 51-іс), «Жаркент оазында» (ҚР ОМА. 1368-қ., 1 т., 56-іс), «1916 жыл деректері» (ҚР ОМА. 1368-қ., 1 т., 54-іс), «Лепсі оазында» (ҚР ОМА. 1368-қ., 1 т., 54-іс), «Қара бауыр» (ҚР ОМА. 1368-қ., 1 т., 65-іс). Ілияс Жансүгіровтың атап көрсетілген шығармаларын Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Әбілхан Әбіласан араб әліпбиінен кириллицаға аударып, 2001 жылы «Жетісу. 1730-1916.» (Жансүгіров, 2001: 178) деген тақырыппен жинақтап, кітап қылып жарыққа шығарды. Жинақты құрастырушы автор кітаптың алғы сөзінде Ілияс Жансүгіровтың тарихы шығармаларының маңызы, оның болашақ ұрпаққа қалай жеткенін былайша баяндайды: «Ілияс ақын да Жетісу көтерілістері туралы ұрпаққа үлкен тарихи деректі мұра қалдырыпты. Ел аузынан, мұражай құжаттарынан қыруар деректер жинаған. Бұл, шамасы, жиырмасыншы жылдардың бас кезі. Аталған дүниелер кезекті сәтін күтіп жүргенде жиырмасыншы жылдардың соңғы кезеңіндегі сойқандар, одан отызыншы жылдардың ойраны келіп жетеді. Жинақталған дүниелер ақынның жеке мұрағатында қала береді. Нәубетті сәттерде бұл шығармалардың аман қалуына ақын шапағатын көрген кісілер себепші болған көрінеді. Олар

бертінге дейін қызыл саясат тырнағынан алып қалып отырған. Қорғап, сақтай білген. Қып-қызыл «өрттен» аман шыққан бұл тарихи дүниелер – тақырыбы жағынан біртұтас сабақтас, өзектес, нақтылы, деректі еңбектер» (Жансүгіров, 2006: 3). XX ғасырдың жиырмасыншы жылдары жазылып, жарты ғасырдан астам уақыт ұмыт болған Ілияс Жансүгіровтың тарихи шығармаларының өмірге қайта келуі жұртшылық үшін, қалың оқырман үшін халқымыздың қасірет тартқан тарихымен барынша жақынырақ танысуға мүмкіндік береді.

Құлагер ақын Ілияс Жансүгіровтың тарихи шығармаларының ішіндегі «Жетісу өлкесін орыс алуы» (Жансүгіров, 2001: 10-34) атты тақырыптағы тарихи бағытта жазған еңбегінде Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліске көңіл бөледі. Оның себебі, патша әскері мен оған қолдау білдірген қазақ сұлтандарының біріккен әскерімен қарулы қақтығыстардан ығысқан көтерілісшілер Арқа жерінен Жетісуға шегінген болатын. Сол себепті, құлагер ақын Жетісу өңірін Ресей империясының отарлау саясатын қарастырған кезде Кенесары көтерілісін және оған өңірде қоныс тепкен Ұлы жүз бен Орта жүз руларының көзқарасы мен ұстанымы, Кенесары сарбаздарының қырғыз жеріне басып кіруі, Кенесарының қырғыздар қолынан опат болуы қысқаша болса да жүйелі түрде баяндалады. Зерттеу мақаламызда осы атап көрсетілген мәселелерді құлагер ақын Ілияс Жансүгіровтың шығармасымен байланыстыра отырып, тарихи тұрғыда қарастыру мақсат етілді.

І.Жансүгіровтың қаламынан туған қазақ халқының жалпы ұлттық сипатқа ие болған қозғалыс – Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің тарихнамасына қысқаша шолу жасап өту дұрыс болмақ. Өз кезегінде Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтеріліс өзінің зерттелу тарихында көптеген тарихшы-ғалымдардың назарын аударды. Алғашқы болып жазылған әрі көтеріліске объективті баға берілген зерттеу Н.Середаның «Бунт киргизского султана Кенесары Касимова (1838-1847 гг.)» (Середа, 1870: 541-573, 60-86; 1871: 655-690) атты еңбегі болып табылады. Н.Середаның жазған еңбегінің түп-

нұсқасын интернет желісіндегі PDF форматында көруге, танысуға және оқуға болады (Середа, 1870: 541-573, 60-86; 1871: 655-690). Бұл еңбектің маңызын тарихшы-ғалым Е.Бекмаханов былайша атап көрсетеді: «Бұл еңбектің кеңінен танымал екендігі соншама, ол туралы арнайы сөз етіп жатпаса да болады. Оның Кенесары жөніндегі төңкеріске (1917 жылғы Қазан төңкерісі жайында сөз болып отыр – Е.Б.) дейін жазылған еңбектердің ішіндегі ең тәуір және ең байыпты екенінде дау жоқ» (Бекмаханов, 1994: 21).

Келесі бір көңіл аударған зерттеуші ретінде Г.Смирновтың шығармасын атап өтеміз (Кенесарин, 1992: 143). Ол Кенесарының баласы Ахметтің көтеріліс туралы ауызша айтып берген әңгімесін жазып алып, оны өңдеп қағазға түсіруден туған еңбек болатын. Шығарма түпнұсқалық тұрғыдан да, берілген материалдардың нақтылығымен де маңызы жоғары.

Патша өкіметі тұсында, яғни төңкеріске дейінгі зерттеулерге Л.Мейердің (Мейер, 1865: 386), А.Добросмысловтың (Добросмыслов, 1904: 105) еңбектерін атап өтеміз. Сондай-ақ, М. Терентьевтің (Терентьев, 1906: 198-204) «История завоевания Средней Азии» атты үш томдық зерттеу еңбегінің 1 томының VI бөлімінде Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліске тоқталып, біршама мәліметтерді ортаға салады. Оның зерттеуіне қызығушылық танытқан оқырмандар үшін еңбектің түпнұсқасымен интернет желісіндегі PDF форматындағы нұсқасымен таныса алады (Терентьев, 1906: 173-211). Бұл зерттеулерде көбіне көтерілістің саяси тұстарына басымдық береді және олардың барлығына тән ортақ кемшілік – Кенесарының ұлт-азаттық қозғалысының басшысы ретіндегі рөлі мен беделін түсіруді һәм қаралауды көздегендігі айқын көрініс тапқан.

Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде мұрағат құжаттарының есігі кеңінен ашылғаннан кейін, аталған мәселеге деген қызығушылық артты. Кенесары және ол бастаған ұлт-азаттық көтеріліс жайында қалам тартқан тарихшылардың қатарында А.Рязанов (Рязанов, 1993: 32), А.Якунин (Якунин, 1939: 44-55), М.Вяткиннің (Вяткин, 1941: 368) есімдерін атауға болады. Олардың зерттеулеріндегі жіберілген кемшіліктер мен қол жеткен тұщымды тұжырымдары туралы Е.Бекмахановтың зерттеу еңбегінде жан-жақты сипатталған (Бекмаханов, 1994: 22-26).

1926 жылы 5 қазанда «Еңбекші қазақ» газетінің 259 санында жарық көрген Жақан Сыздықұлының араб әрпімен жазылған «Кенесары» деген тақырыппен жарияланған мақаласын ерекше

атауға болады. Мақала авторы Кенесары бастаған көтерілісті басынан аяғына дейін баяндайды және өзіндік пайымдар жасауға тырысқан. Онда қазақтың соңғы ханына былайша баға береді: «Қазақ халқының тарихында Кенесары зор орын алады. XIX ғасырдың 30-40-жылдарында, Николай-1 заманында ұлы көтерілістер туғызған Кенесарыны қазақ елі ұмытып отырған жоқ.

... Кенесары, патша өкіметі айтып отырғандай, ел талаушы (разбойник) емес еді. Өз заманында патшаға қарсы болып, өз ұлтының теңдігін көксеген батыр еді. Әділдік іздеп еңіреген ері еді. Қазақ арасынан шыққан жаужүрек арыстан еді» (Сыздықұлы, 1926: 2-3). Көтеріліс пен оның басшысына берілген мұндай әділ баға елімізде әлі де болса Сталиннің жеке басына табыну мен тоталитарлық биліктің күшіне енбеуінен деген пайым жасаймыз.

Ал Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысын кешенді түрде зерттеген, әлбетте, тарихшы-ғалым Е.Бекмаханов болды. Оның 1947 жылы жарыққа шыққан «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» (Бекмаханов, 1994: 416) деген еңбегінде көтерілістің қозғаушы күштері, оның Орта жүзде кеңінен таралуы, Кенесарының қазақ мемлекеттілігін нығайту жөніндегі іс-шаралары, Қоқанға қарсы күресі, сондай-ақ Кенесары мен оның жақындарының қырғыз манаптарының қолынан қаза табуы жан-жақты, жүйелі түрде қарастырылады. Қорытындысында автор көтерілістің тарихи маңызын және оның қазақ халқының содан кейінгі тағдырына жасаған ықпалын анықтап берді.

Зерттеу әдістері

Халқымыздың басынан өткен тарихы патшалы Ресей кезеңінде империялық, шовинистік тұрғыда, ал кеңестік билік заманында қоғам мен ғылым өте қасаң идеологияландырылып, ақиқат бұрмаланып жазылды. Тәуелсіздік пен еркіндік таңы атқаннан кейін бабаларымыздың жүріп өткен жолдарына қатысты «ақтаңдақ» беттері ашылып, ұлттық тарихымыз жалпы адамзаттық һәм өркениеттілік тұрғысынан зерттеле бастады. Себебі, еліміз патшалы және кеңестік империяның көп уақыт отары һәм боданы болды. Тарихымыздың бұрмаланып жазылуы оны басқа ұлттың өкілдерінің жазуы және қоғамның барлық саласының орталықтың саяси идеология құралына айналдыруы болды. Барлығы маркстік-лениндік теория мен методологияға икемделді. Алаш зиялыларын, тіпті кеңестік идеологияға берілген ақын-жазушыларымызды айтпағанда,

Кенесары көтерілісіне қатысты қалам тартқан Е.Бекмахановтың жиырма бес жылға сотталуы соның нақты дәлелі бола алады. Бір сөзбен айтқанда, төл тарихымызға үлкен қиянат жасалды. Сондықтан қандай да бір тәуелсіз елдің тарихын өздері жазуы керек және қандай да бір өзге елдің тарихшыларының жазып беруге құқығы жоқ. Соңғы уақыттағы тарихымызды Ресей тарихшы-мамандарымен бірігіп қайта жазылуы керек деген ұсыныстар көңілді алаңдатады.

Мақаланы жазуда тәуелсіздіктен кейінгі кезеңде әлемдік тарихнамада кеңінен орын алған проблемалық, тарихилық және объективтілік негіздегі ғылыми таным принциптері қолданылды. Аталған әдіснамаға жататын жүйелеу, талдау, логикалық қорыту, тарихи ілімнің іргелі санатын құрайтын – тарихи фактілермен жұмыс әдістері қолданылды. Өйткені тарих ғылымының танымдық мүмкіндіктерін тек қана тарихи факт аша алады.

Әрине, І.Жансүгіровтың ақындық және журналист ретіндегі дарыны мен таланты халық ауыз әдебиеті үлгілерімен терең сусындағанымен байланысты. Құлагер ақын көтеріліс барысы мен оның басшысы Кенесары хан туралы көбіне нақ сол фольклорлық мәліметтерге, Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастанына және т.б. ақындардың шығармаларына сүйенгенін көреміз. Сондықтан зерттеу барысында ауызша тарих айту дәстүрі бағыты қолданылды.

Талдау мен нәтижелер

Ресей империясының жүз елу жылға созылған отырлау саясатына қарсы қазақ халқының қарулы қарсылықтары бір толастаған жоқ. ХУІІІ ғасырдың соңғы ширегінде орын алған Кіші және Орта жүз қазақтары Емельян Пугачев бастаған көтеріліске қатысса, одан кейін Сырым Датұлы бастаған көтеріліс Кіші жүз аумағын қамтыды. Ал 1830-жылдардың соңында Бөкей Ордасын Исатай мен Махамбет, Орта жүзде Кенесары бастаған көтеріліс шарпыған болатын. Аталған соңғы екі көтерілістің бір-біріне қосылып, айбынды күшке айналып кетуінен сескенген патша билігі, алғашқы көтеріліс ошағын тез арада басып-жаншуға күш салды және ол мақсатына жетті де. Ал соңғысының тегеурінді болғаны соншалық, көтерілісшілер құрамына бүкіл үш жүздің қазақтарын тарта алды. Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс өзінің әскери және материалдық ресурсын сарқи бастаған кезде, Ұлы жүз қазақтары қоныстанған Оңтүстік Қазақстанға, одан Жетісу жеріне ығысқан бола-

тын. Сондықтан болса керек, құлагер ақын Ілияс Жансүгіров Жетісу өңірінің тарихына көңіл бөлу барысында Кенесары көтерілісіне біршама кең түрде тоқталып өтеді. Сондай-ақ, Жетісу өңірін мекендеген найманның матай, садыр, Ұлы жүз рулары дулаттар мен албандардың орыс басып алуына қарсы қарулы қарсылықтарын қарастырады. Ал Қазақстанның басқа өңірлерінде орын алған көтерілістерге көңіл бөлмеген. Оның себебі, Ілияс Жансүгіровтың кәсіби тарихшы болмағандығында болса керек. Яғни, кәсіби тарихшыға артылар жүк жеңіл болмайтыны анық. Сондықтан оның сондай жауапкершілігі барын түсінгендіктен Қазақстанның басқа өңірлеріне қатысты орын алған тарихи оқиғаларға, көтерілістерге қалам тартпаған болуы мүмкін. Екіншіден, құлагер ақынның Жетісу өңірінің тарихына деген қызығушылығын, туған жерінің тарихына деген махаббатының әсерінен бұл тарихи шығармаларды жазбау мүмкін емес тін.

Кенесары хан басқарған ұлт-азаттық көтеріліс 1837 жылы басталып, ал нақты соғыс қимылдары 1838 жылы көктемде Ақмола приказын қоршауға алып, өртеуден басталған болатын. Яғни, көтерілістің қашан басталғанын Ілияс Жансүгіровтың еңбегінде нақты берілгендігіне көз жеткіземіз. «Бұған шейін Кенесары Орынбор, күнбатыс Сібір аймағында орысқа қарсы көтеріліс жасап жүргелі 10-шақты жылға тартып қалған, – дей келе, Кенесары ханның алдына қойған мақсаты туралы, – ... ол барлық қазақ руларының басын қосып, жеке мемлекет жасауға талпынды» (Жансүгіров, 2001: 20) – деп атап көрсетеді. Шын мәнінде Кенесары Қасымұлының Ресей билігіне қойған талаптарының ішінде Абылай хан тұсындағы қазақ жерлерін қалпына келтіру, дуандарды тарату, әскери бекіністер мен әскери шептерді жою т.б. тұрды. Әлбете оның саясатының басты мақсаты Қазақ хандығын қайта қалпына келтіру болды.

Сонымен, құлагер ақын Ілияс Жансүгіров «Жетісу жерін орыс алуы» атты тарихи шығармасында Кенесарының Жетісуға қай уақытта келгендігі, оның алдына қойған мақсаты қандай болды деген сұрақтардан бастайды. 1830-40 жылдары Ақмола, Баянауыл, Ұлытау округтері құрылып, ол төңіректегі қазақтар біртіндеп орыстың жаңа тәртібіне мойынсұна бастаған болатын. Бұл туралы Ілияс Жансүгіров былай дейді: «Орыс өкіметі енді ілгері Жетісу ішіне қарай аяқ баспай, сол қараған елдің арасында өкімет тамырын жайып, тәртіптеумен біраз жылға шейін тоқталып тұрды. Орыстың Жетісу ішіне қарай соңғы аяқ басуы – Кенесарының Жетісу-

ға келуі болды. Бұл 1846 жылда» (Жансүгіров, 2001: 19-20). Дәл осының алдында, яғни 1845 жылы Ұлы жүз сұлтандары мен билерінің Ресей империясына бодан болуды қабылдауы орыс үкіметі үшін Жетісу жеріне енуге тамаша жағдай жасады. Ал 1846 жылы бұл өңірге Кенесары бастаған көтерілісшілердің келуі, Жетісу жерін Ресейдің тез әрі шұғыл түрде отарлауын тездеткен болатын. Оның тағы бір себебі, XIX ғасырда капиталистік қатынастардың дамуына байланысты әлемдік державалар жаңа отар жерлер үшін бәсекені күшейтті. Ағылшындар Үндістан бағытынан ақырындап жылжып, Ауғанстанға табан тіреді және Орта Азия аумағына орнығуға мүдделі болды. Сол себепті Ресей империясы Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азия аумағына ентелей түсті және Кенесары бастаған көтерілісті тез арада басып-жаншуға ұмтылды.

Екіншіден, Ұлы жүз қазақтарының орыс басып алуына қарсы Кенесары көтерілісін толыққанды қолдамауы және Ресейге іш тартуының себебі де бар болатын. Өйткені олар «Қоқан бектері мен Қытай өкіметінің екі жақты қанауын бастан кешіргендіктен Ресейдің боданы болу шетелдіктердің ауыр езгісінен құтқарады деп есептеді» (Бекмаханов, 1994: 320). Осы арада атап өтетін мәселе орысқа арқа сүйеген және Ұлы жүз қазақтарын өздерінше емін-еркін билеген Рүстем сұлтан мен Сыпатай би өз иеліктеріне Кенесарының және оның сарбаздарының келуін жақтырмады һәм қаламады, бірақ оның тарапынан болатын жазалау шарасынан қорықты. Сондықтан олар алғашында Кенесарының қойған талаптарына амалсыз көнген болатын. Ал қолайлы сәт туған кезде Кенесарының қырғыз манаптарымен болған шешуші шайқас болардың алдында Рүстем сұлтан мен Сыпатай би қазақ жасақтарынан бөлініп, қашып кетті. Мұның өзі қазақ жасақтарының қырғыздардан жеңіліс табуына және Кенесары ханның өліміне алып келді.

Сонымен қатар Кенесарыны қолдап, оның соңынан еруді де қош көретін Жетісу өңіріндегі қазақ руларының болғандығын жоққа шығара алмаймыз. Ақын еңбегінде оларды былайша атап өтеді: «Осы күнгі Жетісу қазағы жатқан жердегі Дулат, Шапырашты, Жалайыр, Найман руларымен Кенесары сөздес бола бастады. Қара бұқара Кенесарыға қол артты» (Жансүгіров, 2001: 21). Өңірде орын алған ахуалдың күрделі болуы және әрі-сәрі күйде толқып тұрған қазақ руларын бір жақты қылу мақсатында патша өкіметі де қарап жатпай қосымша әскер жіберіп, Лепсі өзенінің жоғарғы ағысында Шұбарағаш

бекінісін салуға кірісті. Сондай ақ қазақ руларының беделді адамдарынан патша билігін мойындаймыз деген сияқты уәделері мен анттарын қабылдауға барлық күш-жігерлерін жұмсады. Ол туралы І.Жансүгіров қарастырып отырған еңбегінде тәптіштеп жазады: «... орыстың шекара бастығы генерал-майор Вишневский Лепсі өзеніне келіп, барлық Үйсін болысының инабатты адамдарын шақырды. Ұлы жүздің Дулат, Албан, Суан, Шапырашты, Жалайыр руларының ақсақалдары, сұлтандары, билері Лепсіде Вишневскийге тоғысты. Аз сөйлесіп, бұлар Ресейге бағындық деп хат-мөр қылды. Ант ішті. Кенесарының ақ патшаның да, қазақтың да жауы деп байлау қылды.

Осы уадамен Ресейдің хұқығы Жетісу аймағында қожалық алды» (Жансүгіров, 2001: 21).

Жетісу өңірінің жайлаған қазақ руларын өздеріне тарту үшін жасалған Кенесары хан мен Ресей әскерілерінің арасындағы бәсекелестік 1846 жылдың өн бойында жүрді. Бұл теке-тіресте Кенесары хан орыс әскерімен ашық шайқасқа түспеді, оның себебі жергілікті қазақ руларының көтерілісшілерді қолдамағандығы болатын. Нәтижесінде Кенесары хан аз ғана қолмен 1847 жылы қырғыз жеріне басып кіруіне мәжбүр етті.

Ілияс Жансүгіров қазақтың соңғы ханы Кенесарының қырғыздармен шешуші шайқасын былайша суреттейді: «Шу бойына қайтқан, Кенесары артына аз ғана Дулатты ертіп алып қырғызбен жауласып кетті. Өйткені орыс айтқанына қол қойған қырғыз қалай қылса да Кенесарыны мұқатуға қам қылды. Қырғыз-қазақ арасы нелер ұлы дүбір соғыс болды. Аяғында 1847 жылы Сарбағыштың манабы Ниязбекұлы Орман бастаған қырғыз бен қазақтың Алатау бауырындағы соғысында (Тоқпақтың төменгі жағы) Кенесары Наурызбаймен қолға түседі. Қазақтың бес мыңдай қолы Қарасудың батпағына қамалып қырғын табады. (Бұл туралы айрықша кітап, өлең бар)» (Жансүгіров, 2001: 22-23). Бұл жерде құлагер ақынның келтірген мәліметтерінен үш мәселеге көңіл аудармақпыз. Біріншісі, шығармада «Кенесары Наурызбаймен қолға түседі» деген мәліметі. Шын мәнінде бұл шайқаста Наурызбай қолға түспейді, ол шайқас барысында қоршауды бұзып-жарып өтуге ұмтылған уақытта қаза табады. Ол туралы Е.Бекмаханов еңбегінде «Қоршаудан шығу сәтсіз аяқталды. Наурызбай өзінің отрядымен күші басым шайқаста қаза тапты» (Бекмаханов, 1994: 336), – деп айтылады. Қырғыз манабы Ормонның жасақтарының қолынан тек Наурызбай ғана емес, «оның екі баласы және басқа да он бес сұлтан

қаза тапқан. Сонымен бірге көптеген қатардағы қазақтар өлтірілген, мыңға жуық адам тұтқындалған» (Бекмаханов, 1994: 338). Тұтқынға түскен қазақтардың бастарын кесіп, Ормон мен Жантай манаптар өздерінің адалдығын, досытығының дәлелі ретінде Қоқан ханына сыйлыққа жібереді. Оны өз көзімен көрген бір керуенбасы оны былайша еске түсіреді деп жазды тарихшы Е.Бекмаханов: «... Кенесары адамдарының екі арбаға тиелген бастарын өз көзіммен көрдім. Бастарды ұзын сырыққа іліп, Ташкент базарына тізіп қойған. Жергілікті басшылар бұл іске риза болып, тастай тағы қырғыздарға сыйлықтар берді» (Бекмаханов, 1994: 338). Айтылған бұл мәліметті Е.Бекмаханов орыс зерттеушісі А.Г.Серебренниковтың 1914 жылы жарияланған «Сборник материалов для истории завоевания Туркестанского края» деген еңбегінен алғандығын жазады. Сол уақытта Ресей империясында шовинизм дерті асқынып, шет аймақтардағы халықтарды кемсіту мақсатында қазақтарды – «қырғыз-қайсақтар» десе, ал қырғыздарды – «қара қырғыз», «алатай-қырғыз», «буруттар» немесе «тастай тағы қырғыз» деп атаған. Яғни, Е.Бекмахановтың мәліметіндегі «тастай тағы қырғыз» дегеніміз «дикокаменные киргизы» деген атаудың қазақша баламасы болып табылады.

Екіншісі, Ілияс Жансүгіровтың «Бұл туралы айрықша кітап, өлең бар» деген мәліметі. Бұл жерде «айрықша кітап бар» дегені көтерілістен кейін он-он бес жылдан кейін Орынборда мемлекеттік қызметте болған орыс шенеунігі Н.Середаның жазған «Бунт киргизского султана Кенесары Касимова (1838-1847 гг.)» атты еңбегін айтып отырса керек. Ал «айрықша өлең бар» дегені Кенесары мен Наурызбай өлімі туралы Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастанын меңзеп отырғаны айдан анық. «Е... е... е... Алла-ай!» деп басталатын дастан, басшысынан айырылған ормандай қалың қазақтың жүрегін мұңға бөлеп, жанын тебіrentкен жоқтауы еді:

Кенекем менің кеткен соң
Заманым қалды тарылып.
Халық иесі – хандардан
Жетім қалдық айырылып!
Екі бірдей қанатым
Топшыдан сынды қайырылып,
Балдағы алтын ақ берен
Тасқа тиді майырылып.
Кемшілік түсті басыма
Көрінгеннен қаймығып...
Кенесары кеткен соң,

Иесіз қалды тағымыз,
Наурызбай төре кеткен соң,
Бастан тайды бағымыз
(Нысанбай жырау, 1996: 43).

Нысанбай жыраудың бұл тарихи жыры акындық қасиеті бірінші орында тұратын Ілияс Жансүгіров үшін аса маңызға ие, жанына, жүрегіне әбден жақын болғаны шындық. Сондықтан құлагер ақынның аталған дастан туралы білмеуі, онымен таныс болмауы һәм оқымауы мүмкін емес деп ойлаймыз. Олай дейтініміз Кенесары көтерілісі халық санасында талай өлең-жырлардың, аңыз-өңгімелердің өзегі болып келді. Ондай туындылар, сөз жоқ, тарихи оқиғалардың дәл көшірмесі болмаса да, нақ сол оқиғалардың, нақ сол дәуірдің халық ұғымындағы бейнесі, халықтың сол көтеріліске берген өзіндік бағасы. Ондай ақын-жыраулар қатарына Нысанбай жыраудан басқа Иманжан Жылқыайдарұлының (1886 – ??? жж.) «Кенесары, Саржан» (Қазақ халық әдебиеті, 1996: 44-73), Доскей Әлімбайұлының (1850-1946 жж.) «Кенесары» (Қазақ халық әдебиеті, 1996: 73-91), Саяділ Керімбекұлының (1895-1954 жж.) «Кенесары, Наурызбай» (Қазақ халық әдебиеті, 1996: 91-97) жырларын айтамыз.

Есімдері аталған ақын-жыраулардың шығармалары және Кенесарының замандасы Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастаны І.Жансүгіровтың ақыл-ойы мен санасына ерекше үлкен әсер қалдырғаны даусыз. Олай дейтініміз, тарихи бағытта ғана қалам тербемей Кенесары хан туралы «Күйші» (Жансүгіров, 2004: 175-230). поэмасында да жан-жақты тоқталып өтеді. Аталған поэмада құлагер ақын халқымыздың тарихын, таным-түсінігін, этномәдени болмысын түбегейлі зерттеп барып поэзия тілінде сөйлетуге тырысқан. Яғни, Кенесары ханның орыс әскерінің қысымынан Арқадан Жетісу жеріне келген кездегі орын алған оқиғалар баяндалады. Қазақтың айбары болған Абылай хан туралы былайша толғанады:

Абылай Көкшетауда көшпелі хан,
Көне, кім ондай болды ұрпағынан?
Ақ туын Абылайдың кім көтерді,
Алашта, дүниеден көшкелі хан?

Жау жорық, болды заман жұрт шулаған
Шаң беріп әр жерден бір қиқулаған.
Абылай аруағым, ала туын
Көтерсем... көтерілер өшкен ұран...
(Жансүгіров, 2004: 178).

Ал Кенесары туралы:

Өзінің ордасында батыр Кене,
Тарттырып домбыраны отыр Кене.
Қиялы домбырамен сыбырласып
Жатқандай шабуыл не? Жортуыл не?

... Су қатып, сүңгі тұрған боқырауда,
Беттеді Кенесары Алатауға.
Қараойға Дулат жатқан жаппай қонды,
Жайлы деп осы араны мал қыстауға
(Жансүгіров, 2004: 177-178; 197).

Поэма коммунистік идеологияның, тоталитарлық биліктің ең күшейіп, сталиндік қуғын-сүргіннің белең алып тұрған XX ғасырдың 30-жылдарының орта кезінде (1935 ж.) жазылып, жарық көрді. Шын ниеттес әріптестері құптаса, жаулары тырнақ астынан кір іздеп өре түрегелді. Өйткені бұл уақытта Алаш қозғалысы өкілдері саяси сахнадан аластатылып, кеңес өкіметін барынша қолдаған ақын-жазушылар мен қоғам қайраткерлерінің де басына қара бұлт үйіріліп келе жатты. Бірінің артынан бірі «домалақ арыз» жазғыш таптық ұстанымды қолдаған соңғыларының тарапынан І.Жансүгіровтың «Күйші» поэмасы монархияны аңсаған, «ұлы орыс» халқының қол астынан қазақтарды бөліп алып, жеке билемек болған Кенесарыны дәріптеді, хандық дәуірді, рушылдық пен діншілдікті аңсаушы деп бағаланды.

Үшіншісі, құлагер ақынның баяндауындағы «Өйткені орыс айтқанына қол қойған қырғыз қалай қылса да Кенесарыны мұқатуға қам қылды. Қырғыз-қазақ арасы нелер ұлы дүбір соғыс болды», – деген мәлімет. Бұл да назар аударуға тұрарлық оқиға деп санаймыз. Тарихқа көз жүгіртер болсақ, Абылай ханның түсында қазақ пен қырғыздардың арасында 1779-1780 жылдары сұрапыл қақтығыстар орын алды. Ол тарихта «Жайыл қырғыны» деп аталады. Осы шайқаста оңбай жеңілген қырғыздар тарапы Абылай ханмен бітімге келіп, 100 қырғыз жігітін аманат етіп береді. Абылай хан оларды Көкшетау, Ақмола, Қызылжар жеріне арғынның атығай руының ішіне қоныстандырған. Кейіннен олар қазақ ішіне сіңіп кеткен. І.Жансүгіровтың «қырғыз-қазақ арасы нелер ұлы дүбір соғыс», – деген мәліметі осыны меңзесе керек.

Ал, Кенесары ханның қырғыз жеріне басып кіруі қырғыз манаптарының жүрегінің түкпіріндегі нақ сол ескі жараны қайта тырнағандай болды. Нәтижесінде аталарының ескі кегін қайтару үшін хан Кененің басын алған болатын.

Кенесары хан бастаған қазақтардың ұлт-азаттық көтерілісі басылғаннан кейін патша өкіметінің Ұлы жүз өңірін отарлауға асығыс әрі шұғыл түрде кірісуінің себебін жоғарыда айттық. Ол Ұлыбритания мемлекетімен бәсекелестік болатын. Сонымен Ресейдің Жетісу жерін отарлау барысын Ілияс Жансүгіров қысқаша болса да нақты айқындап көрсетеді: «Қорғандар жиі салынды. Әскері күшейтілді. Жетісуға әдейі қоныстанып, ірге тебу үшін орыс көшірілді. Бұл орыс – Сібірдің казак-орысы еді. Бұлардан «казачий войско» (әскер) жасалды... Казак-орыспен қатар Жетісуға өз еңбегімен күн көрмейтін, өкімет жәрдеміне сүйенген крестьяндар да көп келтірілді. Бұлар ішкі Ресейде шаруашылығынан айырылған, үйсіз, жерсіздер еді. Бұлар қазақтың ең әдемі қонысындағы сулы, жайлы жерге өкімет тарапынан әдейі орналастырылды, – дей келе ол жерлерді атап-атап береді, – Лепсі, Үш арал, Үржар, Сарқан, Тасбекет, Арасан, Қапал, Талдықорған, Қоғалы, Іле, Алматы, Қаскелең, Ұзынағаш сияқты қалалар» (Жансүгіров, 2001: 23). Бұл жерде көрсетеілген елді-мекендердің барлығы белгілі. Тек Тасбекет деген атаумен берілген жер атауы қазіргі Абай облысындағы бір кездері аудан орталығы болған Таскескен ауылы болуы мүмкін деп топшылаймыз.

Кенесары хан әкесі Қасым төре мен ағасы Саржан сұлтанның қастандықпен өлтірілгеннен кейін Қоқан бектері мен Патша билігіне қарсы күреске бел шеше кірісті. Туа бітті қайсарлығы, жүрек жұтқан батырлығы, ақылдылығы, көрегендігі сияқты қасиеттері жинала келіп, оны әскерінің арасында беделінің өте жоғары болуына һәм үш жүздің өкілдерінің бірауыздан хан сайлауына алып келді. Кенесары ханның жеке басына баға берген оның замандасы Н.Середаның пікірін келтірейік: «Кенесары өз жасақтарының ықыласына лайық билеуші бола білді. Оның жасақтарының рухының жоғарылығына еуропалық әскердің қайсысының болсын қолбасшысы қызғана қарайтындай еді... Кенесары өзінің шабуылдары кезінде бейне бір жолындағының бәрін тып-типыл ететін дала дауылы сияқты» (Бекмаханов, 1994: 222). Осы жерде Ілияс Жансүгіровтың Кенесары ханға берген бағасы да оның заманында жазылған немесе Кенесарының замандастарының пікірлермен үндесіп жатты. «Оның жорығы аса ептілік, айалалық, өткірлік жағынан орысты састырды. Бұған қарсы Орынбордан да, Ақтау қорғаны арқылы Омбыдан да әскер жіберілді. Бірақ Кенесары бүгін бұл жерде болса, ертең күтпеген жерден бүрк етіп шабуыл жасайтын еді. Қазақ арасында Кенесары даңқы

жер жарды. Ел оны «жан жеңбес», «қамал бұзар» деді» (Жансүгіров, 2001: 20). Құлагер ақынның бұл жазған пікірлері бізді мынадай ойға жетелейді: бірінші, Ілияс Жансүгіровтың қазақ халқының тарихын, оның ел бастар билеушілерінің өмірі мен қызметтерін өте жақсы білген және оны өз шығармаларында өте сауаттылықпен, рет-ретімен келтіріп отырады; екінші, егер 1937-38 жылдардағы саяси қуғын-сүргінге ұшырамай қалғанның өзінде, 1940 жылдардың соңында басталған сталиндік репрессияның екінші толқынынан аман қалуы екіталай еді. Өйткені Кенесары хан басқарған көтеріліс туралы тамаша зерттеу еңбегін жазған Е.Бекмахановтың 25 жылға қамалғаны сияқты құлагер ақын Ілияс Жансүгіровтің де істі болуы һәм түрмеге қамалуы әбден мүмкін еді. Тәуелсіздік алғанға дейін тарихымыздың «ақтандақ» беттерінің бірі ретінде Кенесары Қасымұлының тұлғасы, ол бастаған ұлт-азаттық қозғалыс жабық тақырыптардың бірі болды.

Жалпы Кенесары хан басқарған ұлт-азаттық көтеріліс туралы жазған құлагер ақын Ілияс Жансүгіровтың еңбегін қарастыру барысында көтеріліске қатысты мынадай мәселелерді жүйелеп атап өтуге болады: көтерілістің басталуы және мақсаты; Орта жүз аумағындағы көтерілістің барысы және басты оқиғалары; Кенесары ханның жеке басына берген бағасы; орыстың жазалаушы әскерінен ығысып, Ұлы жүз аумағына келуі және осы аймақта мекендеген қазақ руларының оған қолдау көрсетуі; Жетісу жеріндегі кейбір қазақ руларының игі-жақсыларының Кенесарыға сатқындық жасап, орыстармен ауыз жаласуы; Кенесары бастаған қазақ әскерінің қырғыз жеріне басып кіруі және оның қырғыз манаптарының қолынан өлтірілуі. Сондай-ақ, Кенесары ханның қырғыздар қолына тұтқынға түсіп, өлім жазасына кесілгеннен кейінгі оның соңғы сөзін былайша келтіреді: «... орыстың түбінде қазақ, қырғызға жайлы тимейтіндігін, өзінің қашаннан қарсы қылып жүрген қайратының мақсатын айта келіп, қырғызға Ұлы жүзбен иықтасып орысқа қарсы тұруға ұсыныс қылады. Бірақ қырғыз құлаққа ілмейді. Кенесарының басын сыйлап, қырғыз манаптары өздерінің орысқа сенімді екендігіне көзін жеткізеді» (Жансүгіров, 2001: 23). Міне, қазақтың соңғы ханы болған Кенесары Қасымұлы осылайша елі мен жері үшін, тәуелсіздік пен еркіндік үшін мерт болған еді.

Шын мәнінде, барлық жамандық пен зұлымдықты орыс патшасынан көрген аңғал қазақ, Қазан төңкерісінен кейін орнаған кеңес өкіметінен үлкен үміт күтті. Әрине, Алаш зиялыларынан

басқалары. Өйткені, көзі ашық, көкірегі ояу қазақ ұлттық зиялыларының көсемдері алғашқы күннен кеңестерге қарсы болды, оларға қарсы саяси-идеялық тұрғыда күрес жүргізді. Олар кеңес өкіметінің таптық принципке негізделген билігінің қазақ қоғамы үшін қаншалықты ауыртпалық, қасірет әкелетінін білді. Алаштықтар Кенесарының жеке басына, оның ұлт-азаттық көтерілісіне оң көзқараста болғандығы белгілі. Ал езілген тап арасынан шығып, кеңес өкіметінің шапағатын көрген ақын-жазушылар қатарынан шыққан І.Жансүгіровтың қарастырып отырған шығармасы мен «Күйші» поэмаларында Кенесары мен оның көтерілісіне іш тартып, жақтап отырғанын анық көреміз. Сонымен қатар 1901-1977 жж. өмір сүрген, Көкшетау өңірінің тумасы Жақан Сыздықұлының да тарапынан жағымды пікір, оң көзқарасты байқаймыз. Ауыл молдасынан хат танып, кеңес өкіметі орнағаннан кейін мұғалімдік қызметте болып, 1926 жылдан баспасөз саласына ауысқан ол «Бостандық туы», «Қызыл Түркістан», «Сталин жолы» газеттерінде жауапты хатшы жұмыстарын атқарған. Ол да қазақтың соңғы ханы туралы «Еңбекші қазақ» газетінде мақала жазады. Оның қаламынан туған «Кенесары» атты тақырыптағы мақаласында былай дейді: «Кенесары көтерілісі 10 жылға созылды. Оның атағы жер жарды. Тарихтағы Пугачев көтерілісіндей болды.

... Әрине, капитал тұрмысының дәуірлеп тұрған уақытында Кенесарының аз ғана елмен бөлек болуға жауласуы ертерек. Әйткенмен, орыс патшасының ықпалына көнбей, патша мемлекетіне аюдай ақырып қарсы келуі, ұсақ ұлтты езуден құтқарам деуі тарихи тілек.

Міне, осы тілектің маңызды тарихы, зор қасиеті езілген қазақ елінің жүрегінде» (Сыздықұлы, 1926: 2-3). Кенесарының бейнесі, өмірі мен қызметі, жүрек жұтқан қайсарлығы, батырлығы жүрегі ұлтым деп соққан әрбір қазақтың рухын көтеретін тарихи тұлға екендігі ешбір дау тудырмаса керек.

Ресей тарапынан төніп келе жатқан отаршылдық саясаты қазақ халқын ұлт ретінде жоюды көздеді. Ол үшін, бірінші әскери тұрғыда отарлап, көптеген бекіністер тұрғызса; одан кейін орыс шаруаларын қазақ жеріне жаппай көшіру арқылы аграрлық тұрғыда отарлады; XX ғасыр басында қазақ халқын ұлт ретінде шындап жою мақсатында рухани отарлауды жүргізді. Тіл, дін, діл, тарихымыз мансұқ етілді. Оның зардабы қаншалықты ауыр болатынын жанымен, тәнімен түсінген қазақ ұлттық зиялылары Алаш қозғалысын өмірге әкелді. Олар алғашында халық-

тың көзін ашу мақсатында білім мен мәдениетке шақырған шығармашылық жұмыспен бастады. М.Дулатұлы «Оян, қазақ» деп жырласа, А.Байтұрсынұлы «Маса» болып қалың ұйқыдағы қазақты оятуға күш салды.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін елі үшін, жері үшін қызмет еткен ұлттың оқыған-тоқыған зиялыларын жаппай ату жазасына кесті. Қарап отырсақ, халқы үшін басын өлімге тіккен Кенесары хан қарулы күресте опат болса, Алаш қозғалысының көшбасшылары саясат майданында, құлагер ақын Ілияс Жансүгіров әдебиет майданында отарлау саясатының құрбаны болды.

Қорытынды

Сонымен қорытындылайтын болсақ, құлагер ақын Ілияс Жансүгіровтың «Жетісу. 1730-1916» атты жинағына енген «Жетісу өлкесін орыс алуы» атты тарихи шығармасы 1840-1860 жылдар аралығында Жетісу жеріне орыстың ірге теуіп, отарлау барысы кеңінен сөз болады. Орыс отарлаушыларының Жетісуға келуі, оған қарсы қазақ руларының қарулы қарсылықтары туралы «XIX ғасырдағы Ресей империясының Жетісу өлкесін отарлауы (І. Жансүгіров еңбектері негізінде)» атты тақырыпта әл-Фараби атындағы ҚазақҰУ-нің Хабаршысына (Тарих сериясы. 2024 жылдың №1 саны) зерттеу мақаламыз беріліп, жарияланды (Буланов, Кыяхметова, 2024: 19-29). Аталған мақалада І.Жансүгіровтың тарихи шығармаларының ішінде болашақта көңіл аударып, зерттеуді қажет ететін тақырыптар тізімінде «Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліске Жетісу өңірі қазақтарының қатысуы» деген мәселені қосқан болатынбыз. Сол

мақаланың жалғасы ретінде осы зерттеуімізде Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс және оның Жетісу жеріндегі іс-қимылдары туралы мәселеге көңіл аудардық. Шынында құлагер ақынның шығармашылығына әдебиет саласының мамандары назар аударып келді. Ал оның тарихшы ретінде алатын орны да бар екендігіне жоғарыда атап көрсеткен тарихи шығармалары арқылы білдік және оған «XIX ғасырдағы Ресей империясының Жетісу өлкесін отарлауы (І. Жансүгіров еңбектері негізінде)» атты ғылыми мақаламыз бен қарастырып отырған «І.Жансүгіровтің шығармасындағы Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс мәселелері» деген зерттеуімізде көз жеткіздік. Сондықтан болашақта Ілияс Жансүгіровтың тарихи шығармаларын жүйелі түрде қарастырып, тарих мамандығында оқитын білімгерлерге және магистранттарға, қалың оқырман қауымға ұсыну арқылы оның тарихшы болғандығын және тарихи еңбектерін насихаттау басты мақсатымыз болмақ.

Жалпы алғанда Ілияс Жансүгіровтың еңбегінде қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлы туралы және ол бастаған ұлт-азаттық көтеріліс туралы мәліметтері нақты әрі жүйелі түрде берілген. Ол мәліметтер болашақта мәселенің зерттеу тұстарын толықтыруға септігі мол.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Гуманитарлық ғылымдар даму процесіндегі Ілияс Жансүгіров мұрасы: XXI ғасыр контекстінде» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: АР 19680053).

Әдебиеттер

- Бекмаханов Е. (1994) Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы: Санат. 416 б.
- Буланов Е.О., Кыяхметова Ш.Ә. (2024) XIX ғасырдағы Ресей империясының Жетісу өлкесін отарлауы (І. Жансүгіров еңбектері негізінде) // әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. Том 112. №1. 19-29 бб. // <https://doi.org/10.26577/JH.2024.v112.i1.02>
<https://cloud.mail.ru/public/rb5r/cvYGKjuHv>
- Вяткин М.П. (1941) Очерки по истории Казахской ССР. С древнейших времен по 1870 г. Т. 1. Москва: Госполитиздат. 368 с.
- Добросмыслов А.И. (1904) Суд у киргиз Тургайской области в XVIII и XIX веках. Казань: Типо-лит. имп. Казан. университета. 105 с.
- Жансүгіров І. (2001) Жетісу. 1730-1916. Құрастырушы Әбілхан Әбіласан. Алматы: Ценные бумаги. 178 б.
- Жансүгіров І. (2006) Құжаттар, хаттар, күнделіктер, дала хикаялары. Екі бөлімді. Алматы: Үш Қиян. 592 б.
- Жансүгіров І. (2004) Көп томдық шығармалар жинағы. Поэмалар. Алматы: Қазығұрт. 3-том. 408 б.
- Кенесарин Ахмет (султан казахский). (1992) Султаны Кенесары и Сыздык. Обработано для печати и снабжено примечаниями Е.Т.Смирнова. Ташкент: Жалын. 143 с.
- Қазақ халық әдебиеті: көп томдық. (1996) 3-том. Алматы: Білім. 224 б.
- ҚР ОМА. 1368-к., 1 т., 51-іс

- ҚР ОМА. 1368-қ., 1 т., 51-іс
 ҚР ОМА. 1368-қ., 1 т., 56-іс
 ҚР ОМА. 1368-қ., 1 т., 54-іс
 ҚР ОМА. 1368-қ., 1 т., 54-іс
 ҚР ОМА. 1368-қ., 1 т., 65-іс
 Мейер Л.Л. (1865) Киргизская степь Оренбургского ведомства. СПб.: Тип. Э.Веймара и Ф.Персона. 386 с.
 Нысанбай жырау Жаманқұлұлы. (1996) Кенесары-Наурызбай // Қазақ халық әдебиеті: көп томдық. 3-том. Алматы: Білім. 15-44 бб.
 Рязанов А.Ф. (1993) Восстание Кенесары Касымова (1837-1847 гг.). Алма-Ата: Айқап. 32 с.
 Сыздықұлы Ж. (1926) Кенесары // Еңбекші қазақ. №259 (656). Төте жазудан аударған Қажет Андас. 2-3 бб.
 Середя Н. (1870) Бунть киргизскаго султана Кенисары Касимова (1838-1847 гг.) // Вестник Европы. СПб. Пятый год. Том IV. С. 541-573; Том V. – С. 60-86.
 Середя Н. (1871) Бунть киргизскаго султана Кенисары Касимова (1838-1847 гг.) // Вестник Европы. СПб. Шестой год. Книга 8-я. С. 655-690.
 Середя Н. (1870; 1871) Бунть киргизскаго султана Кенисары Касимова (1838-1847 гг.) // <https://www.academia.edu/44032669/>
 Терентьев М.А. (1906) Исторія завоеванія Средней Азии. С картами и планами. Том I. СПб: Типо-литография В.В.Комарова. 510 с.
 Терентьев М.А. (1906) Исторія завоеванія Средней Азии // https://viewer.rusneb.ru/ru/000199_000009_011487983?page=536&rotate=0&theme=white
 Якунин А.Ф. (1939) Восстание Кенесары Касымова // Большевик Казахстана. №8. С. 44-55.

References

- Bekmahanov E. (1994) Qazaqstan XIX ғасыrdyń 20-40 zhyldarynda [Kazakhstan in the 20-40s of the XIX century]. Almaty: Sanat. 416 b.
 Bulanov E., Kyjhmetyova Sh. (2024) XIX ғасыrдағы Resei imperiysynyń Zhetisu ölkесin otarlaуy (I. Zhansügirov еñбектери negizinde) [The colonization of the Semirechye region by the Russian Empire in the XIX century (based on the works of I. Zhansugirov)] // әl-Farabi atyndaғы Qazaq UU Habarshysy. Tarih serijsy. Tom 112. №1. 19-29 bb.
<https://doi.org/10.26577/JH.2024.v112.i1.02>
<https://cloud.mail.ru/public/rb5r/cvYGKjuHv>
 Vjtkin M.P. (1941) Ocherki po istorii Kazahskoi SSR. S drevneishih vremen po 1870 g. T.1. Moskva: Gospolitizdat. 368 s.
 Dobromyslov A.I. (1904) Sud u Kirgiz Turgaiskoі oblasti v XVIII i XIX vekah. Kazan: Tipo-lit. imp. Kazan. Universiteta. 105 s.
 Zhansügirov I. (2001) Zhetisu. 1730-1916 [Ilyas Zhansugirov. Zhetysu. 1730-1916]. Qurastyrushy Äbilhan Äbilasan. Almaty: Cennye bumagi. 178 b.
 Zhansügirov I. (2006) Quzhattar, hattar, kündelikter, dala hikayalary. Eki bolimdi [Documents, letters, diaries, field stories. Two parts]. Almaty: Üsh Qijan. 592 b.
 Zhansügirov I. (2004) Köp tomdyq shyğarmalar zhinaғы. Pojemalar [A collection of multi-volume works. Poems]. Almaty: Qazyğurt. 3-tom. 408 b.
 Kenesarin Ahmet (sultan kazahskii). (1992) Sultany Kenesary i Syzdyk. Obrabotano dlj pečhati i snabzheno primechanijmi E.T. Smirnova. Tashkent: Zhalyn. 143 s.
 Qazaq halyq әdebieti: köp tomdyq [Kazakh folk literature: multi-volume]. (1996) 3-tom. Almaty: Bilim. 224 b.
 KR OMA. 1368-q., 1-т., 51-іс.
 KR OMA. 1368-q., 1-т., 51-іс.
 KR OMA. 1368-q., 1-т., 56-іс.
 KR OMA. 1368-q., 1-т., 54-іс.
 KR OMA. 1368-q., 1-т., 54-іс.
 KR OMA. 1368-q., 1-т., 65-іс.
 Meier L.L. (1865) Kirgizskaij step Orenburgskogo bedomstva. SPb.: Tip. Je. Veimara i F. Persona. 386 s.
 Nysanbai zhyrau Zhamanqululy. (1996) Kenesary-Nauryzbai // Qazaq halyq әdebieti: köp tomdyq [Kenesary-Nauryzbay // Kazakh folk literature: multi-volume]. (1996) 3-tom. Almaty: Bilim. 15-44 bb.
 Rijzanov A.F. (1993) Vosstanie Kenesary Kasymova (1837-1847 gg.). Alma-Ata: Aikap. 32 s.
 Syzdyquly Zh. (1926) Kenesary [Kenesary. Qazhet Andas translated from Arabic script] // Еñбекshi qazaq. №259 (656). Төте zhazudan audarğan Qazhet Andas. 2-3 bb.
 Sereda N. (1870) Bunt kirgizskago sultana Kenisary Kasimova (1838-1847 gg.) // Vestnik Evropy. SPb. Pijtyi god. Tom IV. S. 541-573; Tom V. S. 60-86.
 Sereda N. (1871) Bunt kirgizskago sultana Kenisary Kasimova (1838-1847 gg.) // Vestnik Evropy. SPb. Shestoi god. Kniga 8-ij. S. 655-690.
 Sereda N. (1870; 1871) Bunt kirgizskago sultana Kenisary Kasimova (1838-1847 gg.) // <https://www.academia.edu/44032669/>
 Terentev M.A. (1906) Istoriy zavoevanij Srednei Asii. S kartami i planami. Tom I. SPb: Tipo-litografij V.V.Komarova. 510 s.

Terentev M.A. (1906) Istorij zavoevanij Srednei Asii. S kartami i planami. Tom I. SPb: Tipo-litografij V.V.Komarova. 510 s. // https://viewer.rusneb.ru/ru/000199_000009_011487983?page=536&rotate=0&theme=white
Ijkunin A.F. (1939) Vosstanie Kenesary Kasymova // Bolshevik Kazakhstan. №8. S. 44-55.

Авторлар туралы мәлімет:

Буланов Ержан Олжабаевич – т.ғ.к., оқытушы-дәріскер, тарих және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Талдықорған, Қазақстан, e-mail: erzhan_bulanov@mail.ru)

Имангазинов Мұратбек Мубаракханович – ф.ғ.д., профессор, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Талдықорған, Қазақстан, e-mail: imangazinov_muratbek@mail.ru)

Information about the authors:

Bulanov Yerzhan Olzhabaevich – Candidate of Historical Sciences, Lecturer, Department of History and Social and Humanitarian Disciplines, Zhetysu University named after I. Zhansugurov (Taldykorgan, Kazakhstan, e-mail: erzhan_bulanov@mail.ru)

Imangazinov Muratbek Mubarakhanovich – Doctor of Philology, Professor of the Department of Kazakh Language and Literature of I. Zhansugurov Zhetysu University (Taldykorgan, Kazakhstan, e-mail: imangazinov_muratbek@mail.ru)

Сведения об авторах:

Буланов Ержан Олжабаевич – к. и. н., преподаватель-лектор, кафедра истории и социально-гуманитарных дисциплин, Жетысуский университет им. И. Жансугурова (Талдықорған, Казахстан, e-mail: erzhan_bulanov@mail.ru)

Имангазинов Муратбек Мубаракханович – д. ф. н., профессор кафедры казахского языка и литературы Жетысуского университета имени И. Жансугурова (Талдықорған, Казахстан, e-mail: imangazinov_muratbek@mail.ru)

Поступило: 11.02.2025

Принято: 05.06.2025